2 Сұрыптау жасау үшін (Сурет 3.2).




Сурет 3.2 – 2 бизнес ереже үшін ER сегменті

3 Керекті тақырыпты таңдағанда осы кестелерден сұраныс арқылы шығып тұрады (Сурет 3.3).



Сурет 3.3 – 3 бизнес ереже үшін ER сегменті

4 Керекті тақырыпты таңдағанда осы кестелерден сұраныс арқылы шығып тұрады (Сурет 3.4).



Сурет 3.4 – 4 бизнес ереже үшін ER сегменті

3.3.2 Реляционды қатынастарды құрастыру

Әр реляционды қатынастар белгілі бір нысанға сәйкес болады және оған сол нысанның барлық атрибуттары, шарттары енгізіледі. Кестелерді байланыстыру үшін әр нысанға алғашқы кілт және сыртқы кілттерді беру қажет. Қатынастар 3.2 – 3.19 – кестелерінде келтірілген. Әр қатынас үшін оның ішкі аты, типі және ұзындығы көрсетіледі. Мәліметтердің типін келесідей белгілейміз: int – сандық, nchar – символдық (Юникод)қазақ тіліндегі әріптерді оқу үшін, char – символдық.

К е с т е 3.2 – Dictionary қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Ағылшынша	english	varchar(17)	Сыртқы кілт
Орысша	russian	varchar(17)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(17)	Сыртқы кілт
Сөздік коды	d_Id	int	Алғашқы кілт
Етістік коды	p_Id	int	Сыртқы кілт

К е с т е 3.3 – Verbs қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Ағылшынша	agilshin	varchar(20)	Қажетті өріс

Орысша	orissha	varchar(20)	Қажетті өріс
Қазақша	kazaksha	nchar(20)	Қажетті өріс
Етістік коды	v_Id	int	Алғашқы кілт

К е с т е 3.4 – Pastsimple қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Негізгі етістік	baseform	varchar(18)	Қажетті өріс
Өткен шақта	pastsimple	varchar(18)	Қажетті өріс
Есімше түрінде	pastparticiple	varchar(18)	Қажетті өріс
Орысша	russkiy	varchar(18)	Қажетті өріс
Қазақша	kazaksha	nchar(18)	Қажетті өріс
Етістік2 коды	p_Id	Int	Алғашқы кілт

К е с т е 3.5 – Surak қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Сұрақ қою	su_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	English	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	Kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.6 – Salemdesu қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Сәлемдесу	s_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.7 – Makal-matelder қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Мақал-мәтел коды	m_id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс
Сұрақ қою	su_Id	int	Сыртқы кілт
Сәлемдесу	s_Id	int	Сыртқы кілт
Қоштасу	k_Id	int	Сыртқы кілт
Қонақ үйде	ko_Id	int	Сыртқы кілт
Саяхат	sa_Id	int	Сыртқы кілт

Кесте 3.7 – нің соңы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Мемлекет	me_Id	int	Сыртқы кілт
Жұмыс	j_Id	int	Сыртқы кілт

Қалада	ka_Id	int	Сыртқы кілт
Сауда	sau_Id	int	Сыртқы кілт
Ауа-райы	a_Id	int	Сыртқы кілт
Уақыт	u_Id	int	Сыртқы кілт
Тілдер	ti_Id	int	Сыртқы кілт
Танысу	t_Id	int	Сыртқы кілт
Тамақтану	ta_Id	int	Сыртқы кілт

К е с т е 3.8 – Koshtasu қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Қоштасу	k_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.9 – Konak_ui қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Қонақ үйде	ko_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.10 – Sayaxat қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Саяхат	sa_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.11 – Memleket қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Мемлекет	me_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.12 – Jumis қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Жұмыс	j_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс

Кесте 3.12 – нің соңы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.13 – Sauda қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Сауда	sau_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.14 – Kalada қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Қалада	ka_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.15 – Ауа_райі қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Ауа-райы	a_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.16 – Uakit қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Уақыт	u_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.17 – Tilder қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Тілдер	ti_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.18 – Tanisu қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Танысу	t_Id	int	Алғашқы кілт
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс
Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс

К е с т е 3.19 – Тамақтану қатынасы

Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Тамақтану	ta_Id	int	Алғашқы кілт
Өріс аты	Атрибут аты	Мәліметтер типі	Ескерту
Ағылшынша	english	varchar(70)	Қажетті өріс


Қазақша	kazakh	nchar(70)	Қажетті өріс
---------	--------	-----------	--------------

3.3.3 Логикалық жобалау

Логикалық (даталогикалық) жобалау – нақты деректер үлгісі негізінде дерекқорлар схемасын құру, мысалы, деректердің реляциялық үлгісі. Деректердің реляциялық үлгілері үшін даталогиялық үлгі – әдетте біріншілік кілттерді көрсетумен, қатынастар, сонымен қатар ішкі кілттен тұратын қатынастар арасында «байланыстар» схемасының жиынтығы. Тұжырымдамалық үлгіні логикалық үлгіге түрлендіру, ережеге сай, формалық ережелер бойынша жүзеге асырылады. Бұл кезең едәуір дәрежеде автоматтандырылған болуы мүмкін. Логикалық жобалау кезеңінде деректердің нақты үлгісінің ерекшелігі ескеріледі, бірақ нақты ДБЖ ерекшелігі ескерілмеуі мүмкін.

Кестелер құру


Кестелерді CREATE TABLE командасымен құруға болады. CREATE TABLE бағандар атын және кесте атын анықтайды және ол деректердің типін және бағандардың өлшемін анықтайды. Ең ыңғайлысы бұл генерацияланған скриптті Query Analyzer-де (MS SQL Server) қосу. Кесте құруға арналған скрипт А қосымшада көрсетілген (Сурет 3.8).




Сурет 3.8 - Query Analyzer-де кесте құру

ДҚ диаграммасы

Концептуалды моделді дерекқордың сәйкес құрылымына енгізілу тәсілі қандай болса да, ДҚ реляционды сұлбасы жобаға сәйкес болу керек (Сурет 3.9–3.10).



Сурет 3.9 – ДҚ диаграммасы



Сурет 3.10 – ДҚ диаграммасы

3.3.4 Көрсетілімдер және сұраныстар

Көрсетілімдер бұл кестелер, бірақ оның құрамы басқа кестелерден алынады. Олар сұраныстарда дәл негізгі кестелер сияқты жұмыс істейді, бірақ оларда өзінің жеке деректері жоқ.

```
Сөздікте үш тілде іздеу жасауға
SQL.Add('select * from dictionary where english like ');
SQL.Add('select * from dictionary where russian like ');
SQL.Add('select * from dictionary where kazakh like ');
Сұрыптама жасауға
'select english, russian, kazakh from dictionary'
'select agilshin, orissha, kazaksha from verbs'
'select english, russian, kazakh from dictionary, pastsimple where
english=baseform'
```

Және мақалдар терезесінде тілашарды шығару үшін төмендегідей сұраныс қолданылды 14 тақырыпқа байланысты 14 сұраныс жазылды.

```
'select english, kazakh from Salemdesu'.
```

3.4 Физикалық жобалау

3.4.1 Дерек қорына қосымша құру

Бұл бағдарламада деректер қорына қосымша құру үшін Embarcadero RAD Studio 2010 бағдарламалық құралы және дизайн жасауда Adobe Photoshop бағдарламалық құралы қолланылды.

Embarcadero RAD Studio 2010 – Windows, .NET қосымшаларын, веб-қосымшаларды және дерекқорлар қосымшаларын жылдам дайындаудың кешенді шешімі болып табылады. Ол өзіне Windows тің әртүрлі платформаларына және дерекқорға 5 есе жылдам қосымшаларды құруға мүмкіндік бере отырып, өз ішіне Delphi®, C++Builder® және Delphi®Prism™ ді алады. RAD Studio құралдары компьютерлер, жұмыс станциялары, сенсорлық дисплейлер ақпараттық терминалдар мен Интернет үшін қосымшалардың құрылуын жылдамдатады, сондықтан оларды 2 миллионға дейін әзірлеушілер пайдаланады. Осы амалдардың құрамына жылдам компиляторлар, қолданушы интерфейсімен қосымшаларды жасау үшін визуалды орта, визуалды компоненттердің платформасы (VCL), сонымен қатар дерекқорлар мен қызметке қосылу үшін кең мүмкіндіктер кіреді. Әріптестер мен әзірлеушілер бірлестігі әрбір нақты қосымша, технология, функция және міндеттер үшін мыңдаған қосымша компоненттерді ұсынады. Басқа бірде-бір шешім осындай платформа, деректер көзі, БЖ (бағдарламалық жасақтама) типі, архитектура және қолданулардың осындай саны үшін сапалы, жоғары өнімді қосымшаларды жасауда қажетті функциялық, икемділік және басқарушылыққа ие емес.

Adobe Photoshop – Adobe Systems фирмасында әзірленген және таралған көп функциялы графикалық редактор. Негізінен растрленетін бейнелермен жұмыс істейді, алайда кейбір веткорлық құралдарға ие. Өнім растрлік

бейнелерді редакциялаудың коммерциялық амалдарында нарықта жетекші, және Adobe фирмасының ең танымал өнімі болып табылады. Қазіргі кезде Photoshop Mac, Windows платформаларда, iOS және Android модильді жүйелерінде қол жетімді

Embarcadero RAD Studio Delphi 2010 бағдарламасынды мәліметтер қорымен жұмыс істеу қосымшасы мәліметтерге енуді қамтамасыз ететін компоненттерден, өрістердің мәліметтерін карап шығу және редакциялау мүмкіндіктерінен тұрады. Мәліметтерді бейнелеу компоненті – Data Controls қосымшасында болады. DataSource компоненті болса мәліметтерді редакциялау. DataSource мәліметтер көзін тез таңдауды, сол компоненттердің қолданып, мысалы DBGrid компонентінде кестеден мәліметтерді көру үшін немесе SQL-сұраныстарды жазуға жіне нәтижесін көруге мүмкіндік береді.

3.4.2 Бағдарламаны сипаттау

Бағдарламаның алғашқы беті

Бағдарламаның алғашқы беті ағылшын тілі грамматикасы, тест тапсыру, Oxford 3000 сөздігі, ең көп қолданылатын етістіктер, irregular verbs етістіктері, ағылшынша-қазақша мақал-мәтелдерден тұрады (Сурет 3.10).



Сурет 3.10 –Бағдарламаның алғашқы терезесі



Сурет 3.11 –Ағылшын тілі грамматикасы терезесі

Form27

THE INFINITIVE ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК (ИНФИНИТИВ)

Жақсыз етістіктердің бірі – The Infinitive (Тұйық етістік). Тұйық етістік – етістіктің ерекше түрі. Тұйық етістік етістіктің негізгі түбірі. Тұйық етістікке істеді? Қайтті? Деген сұрақтарға жауап береді. Олар: to go, to do, to get, to ask, to meet, to eat, to read, т.б.


1. Тұйық етістік сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыштың, қызметін атқарады.
2. Тұйық етістік етістіктің де белгілерін білдіреді:
 - а) Тұйық етістік тура толықтауыштың қызметін атқарады:
I told him to post the letter. – Мен хатты жіберу туралы онымен сөйлестім.
 - ә) Тұйық етістік үстеумен анықталады:
I asked him to speak slowly. – Мен одан ақырын сөйлеуін өтіндім.
 - б) Тұйық етістікке тән шақ және етіс категориясы бар. Ағылшын тілінде сабақты етістіктер төрт формада негізгі етісте және екі формада ырықсыз етісте беріледі.

(Тұйық етістіктің сөйлемдегі қызметі)	
Subject (Бастауыш)	
To skate is pleasant.	Қоғалыммен сырғанау жақсы.
To walk in the garden was a pleasure.	Бақшада серуен жасау жақсы болатын.
Nominal predicate (Есімді байланыс)	
Your duty was to inform me about it immediately.	Сіздің міндетіңіз бұл туралы маған бірден хабарлау болатын.
This is for you to decide.	Бұны өзіңіз шешуіңіз керек.
Our plan is to go to the Saraygash for the summer.	Біздің жоспарымыз – жазда Сарыағашқа бару.
Verbal predicate (Етістікті байланыс)	
She began to translate the article.	Ол мақаланы аудару бастады.
He is ready to go there.	Ол онда баруға дайын.
He can speak English.	Ол ағылшынша сөйлей алады.
Object (Толықтауыш)	
He asked me to wait a little.	Ол менен аз күте тұрамын деп сұрады.
I told him to go there.	Мен оған онда бар деп айттым.
Attribute (Анықтауыш)	
He expressed a desire to help me.	Ол менен етіш көмек сұрады.
We have no intention to order these goods.	Біз бұл тауарға тапсырыс жасауға ниетіміз жоқ.


Сурет 3.12 – Сабақтар

Тест тапсыру бөлімі

Тест тапсыру бөлімінде ағылшын тілінен білім деңгейін тексеруге арналған 20 нұсқадан тұратын тесттер берілген. Тест біткенде дұрыс және дұрыс емес жауаптар санын шығарып береді (Сурет 3.13-3.14).




Сурет 3.13 – Тест тапсыру терезесі



Сурет 3.14 –Тест жауаптарын шығару

Oxford 3000 сөздігі

Oxford 3000 сөздігі Оксфорд университеті ғалымдары зерттеген ең көп қолданылатын сөздерден тұрады. Сөздікте ағылшынша, орысша, қазақша іздеуге болады. Және ең көп қолданылатын етістіктерді сұрыптауға болады (Сурет 3.15 - 3.16).



Сурет 3.15 – Oxford 3000 сөздігі



Сурет 3.16 – Іздеу

Excel-ге көшіру

Кез келгенін таңдап Excel-ге көшіріп алуға болады (Сурет 3.16).

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L
1												
2	english	russian	kazakh									
3	abandon	покинуть	лақтыру									
4	abandone	покинуты	лақтырылғын									
5	ability	способно	мүмкіндік									
6	about	о	туралы									
7	above	выше	жоғары									
8	abroad	загранице	шетел									
9	absence	Отсутстви	болмағандық									
10	absent	отсутству	болмайды									
11	absorb	поглощат	жүту									
12	abuse	Злоупотр	Қиянатшылық									
13	academic	академич	академиялық									
14	accept	принять	қабылдау									
15	access	Доступ	Рұқсат									
16	accident	Авария	Авария									
17	by accider	случайно	кездейсоқ									

Сурет 3.16 – Excel-ге көшіру

Irregular verbs етістіктері.


Irregular verbs ағылшын тілінде етістіктердің түрленуі, өткен шақ, есімше түріндегі. Бұл жерде де керекті етістікті жазып іздеуге және Excel-ге көшіріп алуға болады (Сурет 3.17).

Негізгі түрі	Өткен шақ	Есімше түрде	Орысша	Қазақша
baseform	pastsimple	pastparticiple	russkiy	kazaksha
▶ go	went	went	ходить	бару
eat	ate	ate	кушать	жеу
arise	arose	arisen	подняться	көтерілу
be	was; were	been	быть	болу
awake	awoke	awaked; awoke	будить	ояту
bear	bore	born; borne	родить	туылу
beat	beat	beaten	бить	ұру
become	became	become	становиться	болу
befall	befell	befallen	случиться	болду
beget	begot;	begotten	порождать	тудыру
begin	began	begun	начинать	Бастау
begird	begirt	begirt	опоясывать	буып алу
behold	beheld	beheld	зреть	туындау
bend	bent	bent;	наклоняться	еңкею
bereave	bereft; bereaved	bereft; bereaved	лишать	айрылу
beseech	besought;	besought;	упрашивать	көндіру


Сурет 3.17 – Етістіктің түрленуі(Irregular verbs)

Ағылшынша-қазақша мақалдар және тілашар терезесі

Ағылшынша – қазақша мақалдар аудармасы және күнделікті қолдануға арналған әр түрлі тақырыпқа қатысты тілашар бар. Керекті тақырып немесе мақалдарды таңдап шығаруға болады. Және Excel-ге көшіріп алуға болады (Сурет 3.18 – 3.19).




Сурет 3.18 – Ағылшынша–қазақша мақалдар



Сурет 3.19 – Тілашар терезесі

Бағдарлама туралы


Бұл жерде бағдарлама туралы жазылған (Сурет 3.20).



Сурет 3.20 – Бағдарлама туралы терезесі


3.5 Орнату дискісін құру

Орнату дискісін құру үшін Smart Install Marker бағдарламасын қолдандым . Smart Install Maker Microsoft Windows ортасы үшін сенімді және көркем инсталляциялық пакеттерді құруда функциялық мүмкіндіктерге бай. Утилита қысу және кіші өлшеммен ықшам инсталляторларды құру үшін Cabinet мықты алгоритмін жеткізеді, көптілді (25 тілге дейін) инсталлятор құруды қуаттайды, сонымен қатар бағдарлама-орнату сыртқы түрін басқару үшін құралдарды жеткізеді. Smart Install Maker басқа мүмкіндіктерінің арасында жүйенің көрсетілген директорияларында деинсталляторлар, ярлыктарды құру, жаңа қаріптер мен операциялық жүйеде кеңейтулерді тіреу, ActiveX және айнмалыларды қуаттау, орнатылған .NET, Framework тексеру, инсталляторды орнатушы дискілерге бөлу, орнатушы файл туралы ақпаратты баптау, жүйелік талаптар, сонымен қатар оның сыртқы түрі мен т.б. бөлуге болады. (Сурет 3.21).




Сурет 3.21 – Бағдарламаға қатысты ақпараттар енгізу

Одан кейін «Файл» батырмасын басып, керек жазбаны тандаймыз (3.22-Сурет).




Сурет 3.22 – Жазба қосу

«Требования» батырмасын басып, керекті операциялық жүйеге орнатылу мүмкіндігін таңдаймыз (Сурет 3.23).




Сурет 3.23 – Операциялық жүйені таңдау

«Интерфейс» батырмасын басып, орнату үшін керек тілдерді таңдаймыз (Сурет 3.24).




Сурет 3.24 – Тілдерді таңдау

«Ярлыки» батырмасын басып, керекті мәліметтерді қосамыз (Сурет 3.25).




Сурет 3.25 – Ярлык құру

Одан кейін «компиляция» батырмасын басып, орнату дискін құруға жібереміз (3.26 - Сурет).



Сурет 3.26 – Компиляция жасау



Сурет 3.27 – Компиляция аяқталды

4 Тіршілік қауіпсіздігі

4.1 Жұмыс сипаттамасы

Менің дипломдық жобамда «Ағылшын тілін үйренуге арналған бағдарлама және Oxford 3000 сөздігі» бағдарламасын жасау қарастырылған. Бұл жобаны жасау кезінде компьютер негізгі рөл атқарады. Бұл бағдарлама Алматы қаласында ағылшын тілін үйрету орталықтарына және компьютерлік сыныптарға арналған. Менің талдауы бойынша бөлмеде сегіз компьютер, аптасына бес кун сегіз сағат жұмыс жұмыс істейді. Қолданушылар компьютермен жұмыс істеген кездегі еңбектің қауіпсіздігін сақтауымыз керек. Мекеме бөлмесінің сызбасы 4.2- суретте көрсетілген. Бөлменің ұзындығы 8 м, ені 6 м және биіктігі 3 м және үш терезе.

4.2 Жұмыс орнының микроклимат жағдайы

Бұл бөлмедегі метеорологиялық жағдайлардың кешені: температура, салыстырмалы ылғалдылық, аэроиондардың саны, ауа ауысымы, ауа қозғалысының жылдамдығы, ауада қатты бөлшектердің (шаң) болуы жағымды иістердің болуы (ароматерапия) және т.б. Тұрғын үй және қоғамдық мекемелерде жылдың жылы мезгілінде микроклимат үшін оңтайлы болып табылады: ауа температурасы 22-25 С, салыстырмалы ылғалдылық 30-60%, ауаның қозғалу жылдамдығы 0,25 м/с тан жоғары емес; жылдың суық мезгілінде бұл көрсеткіштер сәйкес 20-22° С, 30-45 % және 0,1-0,15 м/с құрайды. Мұнда терезелерден қарама-қарсы қабырғаларға горизонтал бойынша айырмашылығы 2С тан аспауы тиіс, ал вертикал бойынша мекеменің әрбір биіктік метріне 1С.

Мекемеді ыңғайлы микроклиматты құру үшін арнайы жүйелер қолданылады: суық мезгілдер – жылыту жүйесі: газдық, отын немесе көмір пештері; орталықтандырылған су жүйесі немесе сирек жағдайларда булық жылу; калориферлер мен электржылытқыштар. Жылдың жылы және ыстық мезгілінде – желдету және салқындату жүйелері.

4.3 Бөлменің өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі

Бізде электр қауіпсіздігін қарастыру үшін МЕСТ 12.1.030-81 бойынша жерлендіру жасау жұмысын қарастыру керек. Бұл жерде кернеу - 220В болады, сол себепті жерлендіру немесе нөлдеу қажет етпейді, бірақ ұсынылады.

Құрылыс үшін темір бетон, әйнек, кірпіш, метал қолданылады. Оған қоса жанбайтын заттардан жасалған өртке қарсы өткелдерді ескеру керек, олар бөлмелердің арасында қойылады. Ал өрт крандарын болса дәлістерде немесе кіре беріс аумақтарына орнатамыз.

4.5 Шудың әсерін зеріктеу

Көрермендер залы және аппараттық бөлме арасында әуе шуының изоляция индексі 50дБ-ден кем болмағаны дұрыс. Аппараттық бөлме қабырғалары және төбесі 500 - 2000Гц жиілікте дыбысты жұту коэффициенті 0,6-дан кем болмайтын дыбыс жұтатын заттармен қапталуы қажет. Дыбысты қамтамасыз ету жүйесінің аппараттық бөлменің едендері күнделікті ылғалды жинастыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін материалдардан жасалуы.

Дербес компьютер қолданушысының, бөлмедегі шу көздері – сөйлесіп тұрған адамдардың, дербес компьютердің, кондиционердің шуы болып табылады.

Дыбысты жақсы жұтатын материалдар: фибролитті плиталар, минералды мақта, жарықталшықтарында, поливинилхлоридте болады.

4.6 Бөлме жоспары

Жұмыс орнының мінездемесі:


Бұл жұмыс орны ғимарат ішінде орналасқан, сыртқы шу байқалмайды.

- бөлменің ұзындығы 8 м, ені 6 м, биіктігі 3 м;
- жарық өткізгіш материал – екіқабатты шыны парағы;
- күн сәулесінен қорғайтын жабдықтары – жиналатын жалюздер;
- қабырға – ақ түсті;
- есік 1*2;

Компьютердің техникалық сипаттамалары:

- LG core i7 /8Gb/750Gb/DOS компьютері;
- LG LS17AN монитору;
- мөлшерлер 1100x650x1100 мм (үстел);
- электрлік көзі: қуаты 400 Вт, 220-250 В, 50 Гц жиілігі.

2 Сплит-жүйе Panasonic кондиционер, қуаты 5 кВт.



1 – есік, 2 – өрт сөндіргіш, 3- компьютер, 4-кондиционер, 5 – терезе

Сурет 4.2 – Бөлменің жоспары

4.7 Кондиционерлеу жүйелерін есептеу

Ауаны кондиционерлеудің талаптары әр түрлі саладағы технологиялық үрдістерді жүргізуде, компьютердің, басқа құралдардың жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ауа ортасының параметрлерін өндіріске сай қолдау қажет. Тағайындалуы бойынша ауа алмасу жүйесі қолайлы және технологиялық деп бөлінеді.

Бізге қажетті кондиционерді таңдауға ең алдымен артық жылудың қосындысын және оған күн сәулесінен бөлінетін жылу, жұмыс істейтін адамдардың санын, қолданылатын техникаларды есептеу керек. Бөлмедегі жылулықтың балансын табу төмендегі формула бойынша есептеледі

$$Q_{\text{жылу.б}} = Q_{\text{қоршау}} + Q_{\text{р}} + Q_{\text{а}}^{\text{а}} + Q_{\text{жарықтану}} + Q_{\text{құрал}}, \text{ Вт} \quad (4.1)$$

Бұл жерде $Q_{\text{қоршау}}$ – температуралар айырымынан алынатын жылу жоғалту;

$Q_{\text{р}}$ – шыны арқылы күннің радиациясы себебінен келетін жылулар;

$Q_{\text{а}}^{\text{а}}$ – адамдардан келетін жылулар;

$Q_{\text{жарықтану}}$ – жасанды жарықтандырудан келетін жылулар;

$Q_{\text{құрал}}$ – басқа техникалық аспаптардан келетін жылу.

Терезе арқылы күн сәулесінен келетін жылу.

Күннен сәулесінен келетін жылу әйнек түріне байланысты 90%-ға дейін жұтылады, қалғаны шағылып кетеді. Ең үлкен жылу шашырай түсетін және тура күн радиациясының ең жоғары деңгейінде болады. Күн сәулесінің түсуі жыл мезгіліне және де тәулік уақытына байланысты болады.

Салқын мезгілде сыртқы температура ($t_{\text{сырт.есеп}}$) ең салқын айдың 13 сағатындағы орта температурасына, жылы болса – ең ыстық айдың 13 сағатындағы орта температураға сәйкес болады.

$$Q_{\text{коршау}} = V_{\text{бөлме}} X_0 (t_{\text{шыққан}} - t_{\text{келген}}), \text{ Вт} \quad (4.2)$$

Мұнда $V_{\text{бөлме}}$ – бөлме көлемі, м^3 $V_{\text{бөлме}} = 8 \times 6 \times 3 = 143 \text{ м}^3$;

X_0 – меншікті жылулық сипаттама, $\text{Вт}/\text{м}^3\text{°C}$;

$X_0 = 0,42 \text{ Вт}/\text{м}^3\text{°C}$;

$t_{\text{сырт.есеп}} = 26,6^\circ$ - жылы мезгілге арналған сыртқы температурасы;

$t_{\text{сырт.есеп}} = -24^\circ$ - суық мезгілге арналған сыртқы температурасы;

$t_{\text{іш.есеп}} = 24^\circ$ - жылы мезгілге арналған ішкі температурасы;

$t_{\text{іш.есеп}} = 21^\circ$ - суық мезгілге арналған ішкі температурасы.

Жылы мезгілде

$$Q_{\text{коршау}} = 125 \times (27,6 - 23) \times 0,32 = 190,512 \text{ Вт}$$

Салқын мезгілде

$$Q_{\text{коршау}} = 125 \times 0,42 \times (-24 - 23) = -2381,4 \text{ Вт}$$

Шынылау нәтижесінде күн сәулеленуінен болатын жылу.

Күннің сәулеленуінен болатын жылу әйнек арқылы сәуле бөлмеге кіріп, шынылау сәулелену периоды

$$Q_p = (q_{\text{тура}} + q_{\text{шашыр.}}) K_1^c K_2 \beta_{\text{ж.ө.}} n H_0 V_0, \text{ Вт} \quad (4.3)$$

Күн сәулесі көлеңке периоды үшін (шашыраңқы радиация)

$$Q_p = q_{\text{шашыр.}} K_1^T K_2 \beta_{\text{ж.ө.}} n H_0 V_0, \text{ Вт} \quad (4.4)$$

Бұл жерде $q_{\text{тура}}$; $q_{\text{шашыр.}}$ – тура және шашыраңқы радиациядан келетін жылулық ағындар, $\text{Вт}/\text{м}^2$;

$F_0 = n H_0 V_0$ – жарықтық ойы қауданы, м^2

K_1 – шынылаудың көлеңкеленуі (K_1^C – сәулеленген ойықтар; K_1^T – көлеңкедегі ойықтар);

K_2 – ластану коэффициенті;

$\beta_{ж.ө.}$ – жылу өткізгіштік коэффициенті.

1 Менің жобамда шынылаудың ауданы, 43^0 СШ [12, кесте 3] $F_0 = 2 \times 2,5 \times 2 = 12 \text{ м}^2$.

2 Шынылау бағыты: оңтүстік-шығыс.

3 Ішінде жарық перделері бар. $\beta_{ж.ө.} = 0,3$ [12, кесте 4] деп аламыз.

Түске дейін оңтүстік-шығыс үшін, яғни сағат 9-дан 13-ге дейін 43^0 СШ ендікте тура сәуле мәні (П) $q_{тура} = 334 \text{ Вт/м}^2$ және шашыраңқы сәуле мәні (Р) $q_{шашыр.} = 101 \text{ Вт/м}^2$ тең [12, кесте 5]. $43-66^0$ СШ ендік диапозонда металды екі қабатты шынылау жүргізу үшін: $K_1 = K_1^C = 0,72$, 9-10 және 12-13 сағат аралығындағы период үшін. $K_1 = K_1^T = 1,15$, 13-16 және 18-21 сағат аралығындағы период үшін. Әйнектің ластану коэффициенті $K_2 = 0,9$.

Тура сәулеленуде 9 бен 14 сағат аралығында есептеу төмендегі формуламен жүреді (4.12)

$$Q_p = (388 + 101) \times 0,72 \times 0,9 \times 10 \times 0,4 = 1265 \text{ Вт}$$

Көлеңкелеу периодында 14 пен 20 сағат аралығында осы формуламен есептейміз (4.13)

$$Q_p = 22 \times 1,15 \times 0,9 \times 10 \times 0,4 = 91 \text{ Вт}$$

Жоғары есептелу уақыты: 9-10 сағат, жылу түсу 1265 Вт.

Адамдардан шығатын жылу.

Адамдардан шығатын жылу ауа параметрлеріне және орындалатын жұмыс көлеміне қарай. Адамдардың жылу таратуы 4.3– кестемен сипатталады

К е с т е 4.3 –Адамның сыртқы ортаға жылу таратуы, Вт

Сыртқы орта температурасы °С	Отырғандағы жағдай			Тұрғанда немесе жеңіл қозғалыс			Ауыр жұмыс		
	Анық	Жасырын	Жалпы	Анық	Жасырын	Жалпы	Анық	Жасырын	Жалпы
24	67	35	102	72	60	132	95	154	249
20	82	21	103	92	42	133	140	110	250

К е с т е 4.4 – Адам бөлетін ылғал және көміртегі саны

Параметрлер	Бөлме ауасының температурасындағы мәндер °С				
	15	20	25	30	35
Ылғал г/сағ	40	40	50	75	115
Көміртегі қостотығы г/сағ	45	45	45	45	45

Бөлмеде 8 қолданушы отырады. $t = 24$ °С температурада отырған күйде ер адам 67 Вт жылу бөледі [12, кесте 8]. Әйел адам болса ер адамның жылу бөлу нормасының 85 %-ын, ал кішкентай бала болса – 75 %-ын бөледі. Бөлмеде адамдардың бөлетін жылуы: $Q_a^a = 67 \times 4 \times 0,85 = 227,8$ Вт. Ал жалпы жылуы болса $Q_a^ж = 102 \times 4 \times 0,85 = 346,8$ Вт.

$t = 24$ °С есептеу үшін ылғалдылық және көміртегі қышқылы мәндерін 9-кестеден [12] аламыз: бір адамнан 50 г/сағ ылғалдылық, 45 г/сағ көміртегі қышқылы бөлінеді екен. Ал 8 адамның ылғалдылығы $8 \times 50 = 400$ г/сағ, көміртегі қышқылы мөлшері $8 \times 45 = 360$ г/сағ құрайды.

$t = 20$ °С үшін: 1 адамнан шығатын ылғалдылық – 40 г/сағ, көміртегі қышқылы – 45 г/сағ. 8 адамнан бөлінетін ылғалдылық: $8 \times 40 = 320$ г/сағ. 8 адамнан шығатын жалпы көміртегі қышқылы: $8 \times 45 = 360$ г/сағ.

К е с т е 4.5 – Адамдардан бөлінетін зиянды заттардың есептелуінің нәтижелері

Жыл мезгілі	Температура °С	Жылу, Вт		Ылғалдылық, W г/сағ	CO ₂ г/сағ
		Q _a ^a	Q _a ^ж		
Жылы	24	227,8	346,8	200	180
Салқын	20	278,8	350,2	160	180

Ауа алмасуына есептеу жүргізу

$Q_{жылу.б}$ жазда $>$ $Q_{жылу.б}$ қыста, $Q_{жылу.б}$ жазда ауаның жылу кернеулігін төмендегі формуламен есептейміз

$$Q_k = \frac{Q_{жылу.б} \cdot 860}{V_{бөлме}} = \frac{4,573 \cdot 860}{7 \cdot 6 \cdot 3} = \frac{31,21 \text{ ккал}}{\text{м}^3} \quad (4.6)$$

$$Q_n > 20 \text{ ккал/м}^3 \text{ болғанда } \Delta t = 8^\circ \text{C}$$

Бөлмеге керекті ауа мөлшері жылулық балансынан алынып, төмендегі формула бойынша анықталады

$$L = \frac{Q_{\text{жылу}} \cdot 860}{C \cdot \Delta t \cdot \gamma} = \frac{4,573 \cdot 860}{0,24 \cdot 8 \cdot 1,206} = 1698 \text{ м}^3 / \text{сағ} \quad (4.7)$$

мұнда $C = 0,24$ ккал/кг⁰С - ауаның жылу сыйымдылығы;
 $\gamma = 1,206$ кг/м³ - ағынды ауаның массасы.

Артық жылулар 16462,8 кДж/сағ. Бөлмеге керекті ауа $L = 1698 \text{ м}^3 / \text{сағ} = 28,3 \text{ м}^3 / \text{мин}$. Біз есептеулерге сүйене отырып өз таңдауымызды Panasonic CS/CU-E 18 кондиционеріне тоқтаттық.

Кондиционердің жалпы техникалық сипаттамасы:

- EER, A 4,36 ;
- COP, A 4,41;
- жылдық электр ток пайдалануы 945 кВт*сағ
- шу деңгейі ішкі (жоғ/орт/төм), дБ(А) 45/36/33, сыртқы, дБ(А) 48;
- салқын 5,30кВт; жылу 5,90 кВт;
- электр қорек кернеуі 220В,50 Гц;
- салқынның жұмсайтын қуаты, кВт 1,45;
- жылудың жұмсайтын қуаты, кВт 1,52
- салмағы 13 кг.

4.8 Бөлменің вентиляция жүйесін есептеу

Өндірісте динамикалық климатты бір деңгей ауысуымен бірге жасауды ұсынады. Вентиляция жүйесінің характеристикасын сипаттайтын басты параметрлері, еселік айырбастауы болады, бұл ауаның бөлмедегі қаншы рет ауысқанын білдіреді.

Ауа еселегін бір терезені есептейік, терезенің өлшемдері 2 м x 1 м болып келеді. Бөлмеде сегіз адам жұмыс істейді. 5.6-кестедегі электр жабдығықтарды қолданамыз.

5.6-к е с т е – Қолданылатын электржабдықтары

Атауы	Саны (дана)	Қолданылатын қуат, Вт
Дербес компьютер	8	600
Тоқтаусыз қоректендірі көзі	8	700

Ауа ауысуы еселегін мына формуламен табамыз

$$K = \pm \frac{V_{\text{вент}}}{V_{\text{бл}}} \quad (4.11)$$

мұнда, $V_{\text{вент}}$ – бөлмеге келетін ауа көлемі, м³;

$V_{\text{бл}}$ – бөлме көлемі, м³.

Ауысуға қажетті ауа көлемін $V_{\text{вент}}$ жылулық тепе-теңдік бойынша есептейміз.

$$V_{\text{вент}} = \frac{3600 \cdot Q_{\text{аж}}}{C \cdot (t_{\text{кт}} - t_{\text{кл}}) \cdot Y} \quad (4.12)$$

Бұл жерде $Q_{\text{аж}}$ – артық жылу, Вт;

$C = 1000$ – ауа жылуөткізгіштілігі, Дж/кг·К;

$Y = 1.2$ – ауа тығыздығы, кг/м³.

Тыс кететін ауа температурасы осы формула бойынша анықталады

$$t_{\text{кт}} = t_{\text{км}} + (H - 2) \cdot t \quad (4.13)$$

мұнда t – бөлменің 1 метр биікке температура өзгеруі, 1 градустан ден 5ке дейін мәндерін аламыз.

$t_{\text{км}}$ – жұмыс орында температура, 23 градус.

H – бөлме биіктігі, 3 метр.

$t_{\text{кл}}$ – келетін ауа температурасы, 18 градус.

5.12-формула бойынша ауа температурасы мынаған тең

$$T_{\text{кт}} = 23 + (3 - 2) \cdot 2 = 25.$$

Артық жылуын төмендегі формула бойынша анықтаймыз

$$Q_{\text{аж}} = Q_{\text{аж1}} + Q_{\text{аж2}} + Q_{\text{аж3}} \quad (4.14)$$

мұнда $Q_{\text{аж1}}$ – электоржабдықтардан артық жылу, Вт;

$Q_{\text{аж2}}$ – күннің радиациясынан келген жылу, Вт;

$Q_{\text{аж3}}$ – адмамның жылу беруі, Вт.

Электржабдықтардан артық жылуын мына формулаарқылы есептейміз

$$Q_{\text{аж1}} = E \cdot P \quad (4.15)$$

мұнда E – жылу бұру энергиясының шығын коэффициенті;

P – электр жабдықтар қуаты, Вт.

Элетрэнергия шығыны келесі мәндерді қабылдайды

$E=0.4$ дербес компьютер үшін;

$E=0.55$ жарықтандыру үшін.

Төмендегі формула бойынша электр жабдықтардың және жарықтандырудың жалпы қуатын есептеп аламыз

$$P = P_{\text{дана}} K \quad (4.16)$$

Бұл жерде $P_{\text{дана}}$ – бір жабдықтың қуат өлшемі, Вт;

K – жабдықтардың сан данасы.

Содан , 5.16- формула бойынша

$$P_{\text{жарықтандыру}} = 200 \cdot 8 = 1600 \text{ Вт}$$

$$P_{\text{компьютеры және т.б.}} = 600 \cdot 8 + 700 \cdot 8 = 10400 \text{ Вт}$$

5.15- формула бойынша жарықтандырудан және электржабдықтардан артық жылуын есептейміз

$$Q_{\text{аж1}} = 0.55 \cdot 1600 + 0.4 \cdot 10400 = 5040 \text{ Вт.}$$

Жасанды жарықтандырудан артық жылу келесі формула бойынша есептейміз

$$Q_{\text{аж3}} = m \cdot S \cdot k \cdot Q_{\text{T}} \quad (4.17)$$

мұнда m – терезе саны;

S –терезе ауданы, м^2 ;

k - әйнектеу коэффициенті. Екі әйнектеу коэффициенті – $k = 0.8$

Q_{T} – терезеден жылу келіуі, 127 Вт/м тең.

5.17-формула бойынша жасанды жарықтандырудан артық жылуын есептеймік

$$Q_{\text{аж2}} = 3 \cdot 2 \cdot 0.8 \cdot 127 = 610 \text{ Вт.}$$

Адамның жылу беруің келесі формула бойынша есептейміз

$$Q_{\text{аж3}} = n \cdot q \quad (4.18)$$

мұнда q –бір адамның жылуы бөлгіштігі, 80 Вт/ад тең;

n – адам саны, 8 тең.

5.18-формула бойынша адамның жылу беруін есептейміз

$$Q_{аж3} = 8 \cdot 80 = 640 \text{ Вт.}$$

5.12-формула бойынша артық жылуды есептеп аламыз

$$Q_{аж} = 5040 + 610 + 640 = 6290 \text{ Вт.}$$

Сөйтіп, 5.12-формула бойынша ауысуға керекті ауа көлемін есптейміз

$$V_{вент} = \frac{3600 \cdot 6290}{1000 \cdot (25 - 18) \cdot 1,2} = 2695,71$$

Демек, оптималды шартты тудыру үшін ауаның вентиляция жүйесін жүзеге асыру керек.

4.9 Тіршілік қауіпсіздігі бөлімі бойынша қорытынды

Тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде бөлмедегі жұмыс шарты және микроклимат параметрлерін талдау және ауаны кондиционерлеу, бөлменің вентиляция жүйесіне анализ жасалды. Еңбек шарты деңгейі өте дұрыс, есептеу нәтижесінде алынған жауаптар, тіршілік қауіпсіздік бойынша стандарттарды қанағаттандырады.

Кондиционерді таңдау үшін ең бірінші артық жылу қосындысын, және оған күннің сәулесінен бөлінетін жылу, жарықтандыруды, жұмыс істейтін адамдар санын, басқада бөлмеде қолданылатын техникаларды есептеу қажет.

Есептеп, қорыта келгенде бөлмеге керекті ауа мөлшері $L = 1698 \text{ м}^3/\text{сағ} = 28,3 \text{ м}^3/\text{мин}$. Осы талаптарды толық қанағаттандыратын Panasonic CS/CU-E 18 кондиционерін таңдадым.

5 Техника-экономикалық негізделуі

5.1 Жұмыстың сипаттамасы

«Ағылшын тілін үйренуге арналған бағдарлама және Oxford 3000 сөздігі» бұл компьютерге арналған ағылшын тілін дамытуға арналған қосымша бағдарлама. Бұл арнайы бағдарлама Embarcadero RAD Studio Delphi 2010 бағдарламасымен Microsoft SQL деректор қорын байланыстыру арқылы жасалады.

Бұл бағдарламаның негізгі артықшылықтары ағылшын тілін үйренуге арналған сабақтар, білімін тексеруге арналған тесттер, кестелер, және қосымша ағылшан тілінде ең көп қолданылатын сөздер «Oxford 3000 сөздігі» бар.

5.2 Маркетингтік стратегия

Маркетинг-микс – Маркетингтік құралдар жиынтығы, бұл арқылы кез-келген компания өзінің тауарлары немесе қызметтеріне сұраныс арттыра алады. Белгілі бір тауарға белгілі баға бойынша белгілі бір орында жұмыс жасау арқылы сұраныс қалыптастыратын стратегия жүйесі.

Маркетинг-миксті төрт тактикалық әрекет бойынша сипаттауға болады: Маркетинг-микс жиындарының міндеті – бір нарықта потенциалды пайдаланушылардың қажеттерін өтеумен ғана шектелмейді, оған қоса ұйымның әсерін көтеруге тырысатын жиынтықтарды құрастыру.

Қозғалу (Promotion) – компанияның тауарлары туралы ақпарат таратуы осы тауарларды сатып алуға шақыратын мүмкіндігі зор жарнама, іс-шаралар.

Продукт (Product) – компанияны біртұтас нарыққа ұсынатын «тауарлар» жиыны.

Дистрибуция (Place) – тауар бірыңғай пайдаланушыларға қолжетімді болу үшін іске асырылатын көп іс-шаралар.

Баға (Price) – пайдаланушылардың тауарды сатып алу үшін төлеуі керек ақша.

Кесте 5.1. Маркетинг-микс элементтері

Маркетинг-микс элементтері	Қажетті істер мен талдаулар
Product	
Ағылшын тілін дамытуға арналған бағдарламаның қызметі	Жалпы тапсырманы шешу келесі бөлімдерден тұрады: 1) Пайдаланушы бағдарламада арнайы сабақтар кестелер арқылы ағылшын тілін қайталай алады, арнайы тест арқылы білімін тексеріп көруіне болады және қосымша

Кесте 5.1 соңы

Маркетинг-микс элементтері	Қажетті істер мен талдаулар
Promotion	

	Басында уақытша жарнамасыз жұмыс істеу, яғни тікелей сату
Place	
№ 1 оқу орталығы, № 2 оқу орталығы, № 3 оқу орталығы, № 4 оқу орталығы, № 5 оқу орталығы,	Алматы қаласындағы ағылшын тілін үйрететін орталықтардың администраторларын хабарландыру, келіссөз жүргізу

5.2.1 Бағдарламалық қамтаманың өңделуінің еңбек өнімділігінің есептелуі

Еңбекке кеткен шығынның көрсеткіштері осы формула бойынша есептеледі

$$Q=q*c \quad (5.1)$$

Мұндағы q - бағдарламалық өнімдегі операторлар саны, менің жұмысымда операторлар саны 3000-ға тең. c -бағдарлама күрделілігінің коэффициенті, ол менде 1.26 ге тең. Базалық көрсеткішті табамыз [1]

$$Q=3000*1.26=3780$$

Бағдарламалық өнімді жасауға кететін уақытты есептеу керек. Уақыт адам-сағатпен есептеледі, ал T_d нақты істелген уақытпен алынады, ал қалған кезеңнің уақыты Q командасының шартты санына байланысты есептік жолмен анықталады. Бағдарламаны жасауға кеткен әр кезеңнің уақытын табамыз

$T_{по}$ (мақсат сипатын дайындау уақыты), нақты деректер бойынша алынады және мынаған тең деп алынады (3-тен 5 күнге дейін, 8 сағаттан)

$$T_{по} = 24 \text{ адам} / \text{сағ}$$

T_o (мақсатсипаттамасы уақыты) келесі формуламен анықталады

$$T_o = Q \times B / (50 \times K) \quad (5.2)$$

$$T_o=3780*1.2/50*0,8=113,4 \text{ адам/сағ}$$

мұндағы B – мақсат есебі өзгерісінің коэффициенті, K коэффициенті мақсат күрделілігіне және өзгеріс санына тәуелді – 1,2-ден 1,5-ке дейін

K – бағдарлама дайындаушы біліктілігінің коэффициенті, менің берілген бұл салада жұмыс істеу өтілім 2 жылға дейінгі уақыт болғандықтан, K коэффициент мәні – 0,8-ге тең болады.

T_A (алгоритм құруға кеткен уақыт) мына формуламен есептейміз

$$T_A = Q / (50 \times K) \quad (5.3)$$

$$T_A = 3780 / (50 \times 0,8) = 94,5 \text{ адам/сағ}$$

T_{BC} (блок – сұлба құруға кеткен уақыт) T_A сияқты 3 формуламен есептеледі.

T_H (бағдарламаның тілінде жазуға кеткен уақыт) келесі формуламен анықталады

$$T_H = Q \times 1,5 / (50 \times K). \quad (5.4)$$

$$T_H = 3780 \times 1,5 / (50 \times 0,8) = 141,75 \text{ адам/сағ}$$

T_{II} (бағдарламаны теріп шығу уақыты мына формуламен анықталады:

$$T_{II} = Q / 50 \quad (5.5)$$

$$T_{II} = 3780 / 50 = 75,6 \text{ адам/сағ}$$

1) T_{OT} (бағдарламаны тестілеу уақыты) келесі формуламен анықталады:

$$T_{OT} = Q \times 4,2 / 50 \times K = 1600 \times 4,2 / 50 \times 0,8 = 396,9 \text{ адам/сағ} \quad (5.6)$$

8) T_D (құжаттарды рәсімдеу уақыты), нақты деректер бойынша алынады (3-тен 5 күнге дейін, күніне 8 сағат)

$$T_D = 24 \text{ адам / сағ}$$

Еңбек шығындарының сомасы еңбек шығынының құрама сомасы ретінде 7 формуламен есептеледі

$$T = T_{II} + T_{TO} + T_A + T_{BC} + T_H + T_{II} + T_{OT} + T_D. \quad (5.7)$$

$$T = 24 + 113,4 + 94,5 + 94,5 + 141,75 + 75,6 + 396,9 + 24 = 964,65 \text{ адам/сағ}$$

Бағдарламалық қамтаманы өңдеуге кеткен шығынның есептелуі

Еңбек құны екі құрамнан құралады: негізгі еңбек құны және қосымша еңбек құны. Негізгі еңбек құны

$$Z_{\text{осн}} = t_{\Sigma} * TC / (t_{\text{cp}} * 8), \text{ теңге} \quad (5.8)$$

мұндағы t_{Σ} – (7) формуласы бойынша есептелетін жалпы еңбек шығыны;

t_{cp} – бір айдағы орташа күн саны, 21 күнге тең, жұмыс күніндегі 8 сағатқа көбейтеміз.

Минималды еңбек ақы 01.01.2014ж бастап ҚР-да 19966 теңгені құрады.[2]

TC – тарифтік қойылым = $19966/8 = 2495,75$ ке тең болды.

t_{Σ} – (7) формуласы бойынша 964,65 –ге тең.

Осылайша негізгі еңбек ақы:

$$Z_{\text{осн}} = 964,65 * 2495,75 / 21 = 114644 \text{ теңге}$$

Қосымша еңбек ақы негізгі еңбек ақының 20%-ын құрайды. (5.9) формуласы бойынша анықталады

